

№4 Лекция. Ежелгі Рим өнері

Дәріс сабағының мақсаты: Республика және империя кезеңіндегі Ежелгі Рим өнері туралы ақпараттармен танысу.

Кілт сөздер: Август, арка, колонна, ғибадатхана, Пантеон

Дәріс жоспары:

1. Ежелгі Римдегі сәулет өнері
2. Рим өнеріндегі діни ғибадатхалар мен қасиетті орындар
3. Рим кесіндеме өнері: Помпеядағы жазбалар, фюомдік портреттер

Республикалық Рим. Тоскандық және композитті ордерлер. Аркалы-тоғыспалы конструктивті жүйе, рим бетоны. Инженерлік құрылыстар: жолдар, көпірлер, акведуктар,

Республикалық Римде өнердің маңызды түрлерінің бірі – сәулет өнері болды. Рим грек ордерлерін қолдана отырып, өз ерекшеліктерін қосып отырды: тоскандық және композиттік. Римдіктер гректер сияқты конструктивті мән бермеді, оны тек ғимараттын сәндеуге арналған бір бөлшек ретінде қарастырды. Б.з.д. 5-4 ғ. жұмсақ жанартау туф тары қолданылды. Кейінгі республикалық кезеңде күйдірілген кірпіш пен мәрмәр қолданыла бастады. Б.з.д. 3ғ. рим сәулетшілері рим бетонын ойлап тапты. Тас сынықтарына ерітінді құятын болған. Жанартаудан шыққан пуццолана құмы пайдаланылды. Берік әрі су өткізбейтін бетонның сыртқы плиткамен жабатын болған. Құрылыс материалы арзан және мамандандырылмаған жұмыс күшін пайдалануға мүмкіндік беретін болған. Римдіктер жаңа конструктивті жүйе ойлып тапты: аркалы-тоғыспалы – үлкен кеңістіктерді жабуға арналған. Құрылыс өлшемдері үлкен болды. рим сәулет өнері инженерлік құрылыстардан көрініс тапты: жолдар, көпірлер, акведуктар. Жаңа құрылыс түрлері пайда болды:

Триумфалды – аркалар, колонналар. Қоғамдық базиликалар(ғибадатхананың жаңы типі), термдер, инсулдар(кедейлерге арналған көпқабатты үйлер). Әсерлі – амфитеатрлар, ипподромдар.

Форум – римдік сауда алаңы.

Рим архитектурасында периптерден басқа, ротонда – шеңбер түріндегі ғибадатхана пайдаланылды.

Қоғамдық ғимараттар колонналармен сәнделді. Әсіресе әскери жеңіс құрметіне тұрғызылатын жеке колонналар танымал болды. Рим құрылыстарының негізгі сипаты аркада – бағана немесе колоннаға сүйенетін

аркалар қатары болды. ғимаратн қабырғасы арқылы өтетін галерея құрыдысында аркадалар көп қолданылды. Сондай-ақ, ішкі бөлігінде қалаға су жіберетін трубалары бар көп ярусты тас көпірлер – акведуктарда да қолданылды. Амфитеатрлар – гректердікіндей көрермендерге арналған орын шеңбер түрінде, ал сахна мен арена маңында эллипс түрінде салынған рим театры.

Веста ғибадатханасы. Веста ғибадатханасы – қоғамның бірігу символы болып табылатын азаматтарға арналған қоғамдық орталық. Бұл жерде аңыз бойынша Энеймен бірге Троядан келген Рим қаласының жебеуші-құдайлары мекен еткен. Ғибадатхана мәрмәрдан жасалған шеңбер түріндегі подиумда орналасып, коринфтік колонналар колоннадасынан тұрды. Ішінде 6 весталь тіреп тұрған қасиетті от жанып тұратын болған. Колонналарды эллиндік сәулетші Гермодор Саламанскийдің басшылығымен тұрғызды.

Аква Аппий суқұбыры. Аква Аппий суқұбыры – Рим тарихындағы алғашқы суқұбыры. Оның ұзындығы 16 км 617 м болды. ол төртбұрышты қиылысы бар, кей жерлері жартаспен бөлінген, кейбір бөлігі тас плиталардан жасалған жабық канал түрінде болды. Бұндай құрылыс түрін римдіктер гректерден үйренген. Бірақ гректермен салыстырғанда, римдіктердің алғашқы құбыры 90 м болатын жерінен тегіс емес аймағын субструкцияға көтерді. Рим көп халықты қала болғандықтан, көп суды қажет етті. Сондықтан бұдан бөлек тағы да 3 суқұбыры салынды: Анно Ветус («Көне аАнио») – б.з.д. 272-269 ж.; Марция – б.з.д. 144-130ж.; Аква Тепула («жылы су») – б.з.д. 125 ж.

Марция акведугы. Квинт Марция есімімен аталған Марция акведугы алғашқы аркалы акведук болды. бұран дейінгі акведуктарда канал жерастынан немесе қабырға бойымен салынды. Марция суқұбыры қаладан 10 км жерде жоғары шығарылып, 10 метрлік аркадаға көтеріледі; ал акведуктың ұзындығы 10км-ден астам. Суқұбырының жалпы ұзындығы 91 км 300м. Ол рим суқұбырларының ішінде ең мықтысы. Оның құрылыс жұмыстарын римдікдер басып алған Коринф пен Карфагеннің құлға айналдырылған тұрғындары жүргізді. Акведук трассасы тік болмады: биіктігі мен қиылыстарында ауытқушылықтар болып, сәулет құрылысына сән беріп тұрды. Акведуктың аркадасы римдік монументалды сәулет өнерінің айнасы болды. Марция суқұбыры әлі күнге дейін жұмыс істеп тұр.

Императорлық Рим. Әлем алтары, Октавия порты. Август үнемі Римді кірпішті түрде қабыл алып, мәрмәр түрінде қалдырдым деп айтатын. Қалада жаңа Форум салынды: ең ірісі әрі атақтысы; оның негізгі құрылысы Марс Ультор(кек алушы) ғибадатханасы болды. Ол туфтан салынып, мәрмәрмен жабылды және сәндеуге биіктігі 10 м болатын коринфтік колонналар қолданылды. Палатинада Аполлон ғибадатханасы бой көтерді. Август

дәуірінің сәулет өнеріне классикалық пропорция тән болды. осындай үлгіде салынған ғимарат – Октавия порты(патшаның әпкесі) мен Марцелла үлкен тас театры(30 мың көрерменге арналған).Б.з.д. 9 ж. Марс алаңында әлем алтары бой көтерді. Оның қабырғалары салтанаттың оқиғаларды сипаттайтын рельефтермен сәнделді. Августтың ізбасар-императорлары Римді жаңа ғимараттармен сәндеді. Тиберий Палатин төбешігінде жаңа патша сарайын салды(құрылыс жұмыстар Калигулдың тұсында аяқталды). Нерон Рим орталығын түгелдей дерлік қайта құрды:64 жылғы қатты өрттен кейін император қала орталығындағы барлық құрылысты бұзып, орнына жаңа резиденциялармен қоршалған сарай салуға бұйрық берді. Жаңа сарай құрылысында алтын мен бағалы тастар көп қолданылғандықтан «Алтын үй» деген атауға ие болды. римнің орталық көшелелері кеңейтіліп, ғимарат биіктігіне шектеу қойылды; қала түгелдей жаңа порттармен сәнделді. Рим сәулет өнерінің негізгі жетістіктерінің бірі триумфальды аркамен байланысты болды. гректер әскери жеңісті әскер күшімен байланыстырса, римдіктер әскербасының үлесіне жатқызды. Рим тек үш арка ғана сақталған: Тит, Септими Север және Константин аркасы.

Пантеон-барлық құдайлар ғибадатханасы. Римдіктер арка, куполдардың конструкциясын түсінген соң, гректердікімен салыстырғанда көлемі үлкендеу құрылыстар сала алды. Оған мысал ретінде диаметрі 43 м болатын Пантеон куполын айтсақ болады. Куполдың ортасында италиялықтар «Пантеонның көзі» деп атайтын диаметрі 8,5м шеңбер «терезе» орналасқан. Ішкі бөлігінде рим құдайларының мүсіндері қойылды. 2 ғасырда Адриан император тұсында Пантеон қайта құрылды. Ғибадатхана құрылысына египет қызыл гранитынан жасалған 8 колоннасы мен ақ мәрмәрдан жасалған коринфтік капителілері бар порт қосылды. Грек порты мен римдік куполды құрылысты біріктіру рим сәулет өнеріне тән болды.

Траян форумы. Траян формуы 2 ғасырдың басында салынды. Оның құрамында колоннадамен қоршалған форум, император мүсіні мен Римге әкелітен тауарларды сақтауға арналған «Траян базары» деп аталатын 2 жартышеңбер түріндегі құрылыс кірді. Форум шетінде Ульпий базиликасы – сот істеріне арналған ғимарат. Базилика ұзын және грек ғибадатханасы типіндегі 3 нефтен тұрды. Оның рим сәулет өнеріне тән жабыны болмады. Базиликаға 2 кітапхана – латын және грек кітапханалары қосылды. Форумның ең көрнекі жері Римдегі ең үлкен триумфалды арқа болды. Оның биіктігі 27м, негізі 17 каррар мәрмәрінің блогынан жасалған. Колоннада Траян мен дактардың шайқасын бейнелейтін барельефтер сәндеп тұр(ұзындығы 200м).

Тит аркасы. Тит аркасы Римдегі Иудеи көтерілісін басу құрметіне салынған. Құрылыс жұмыстары 81 жылғы жарықтандырудан кейін аяқталды. Арка

мәрмәрмен сәнделген, бірақ оның тек жартысы ғана сақталған. Шет жақтары 19 ғасырда қалпына келтірілді.

Колизей қасынан өтіп форумға апаратын триумфальды арка екі ансамбльдің де құрамына кірді. Оның өлшемі үлкен емес, Аост аркасына жол береді. Екі орташа жартылай колонна портты құрайды. Арка тек Иудеилерді жеңуді де, Титтың күш-жігерін де дәріптейді. Бұны рельефтерден көрсек болады. Екі үлкен рельеф триумфалды жүрісті сипаттайды. Ордер фризында триумфалды құрбандық шалу рәсімдері, тимпандарда қанатты жеңістер бейнеленген.

Каракалла термдері. 3 ғасырдағы Римнің ең мықты құрылыс түрлеріне Каракалла термдері деген атпен белгілі моншаларды жатқызамыз. Каракалла термдері га жерді алып жатты. Ғимарат жылы және суық бөлімдерден тұрды және онда 1500-нан астам адам бір мезгілде жуына алды. Каракалла термдерінен бүгінге дейін опера көріністерінің декорациясы қызметін атқарған қалдықтар ғана қалды. Ванналар египет гранитінен жасалып, қазір Фарноз сарайының алдындағы субұрқақ маңындағы кесе ретінде қолданылады. Басты ғимарат 2,5 га жерді алып жатты. Басты ғимарат бақтар мен алаңдар арасында орналасты. Аймақтың тереңірек жағында көрермендерге арналған орны бар стадион, ал жан-жақтарында физикалық жаттығуларға арналған залдар мен бассейндер болды. Алдыңғы бөлігінде 6 метр террасада 2 қабатты конторалар мен нөмірлі моншалар корпусы орналасты. Ішке кіретін бөлігі келушілердің екі жақтан келетінін көрсетеді. Негізгі залдары: куполды кальдарий, крест түріндегі жабыны бар тепидарий мен фригидарий. Тепидарий күмбезі басқа ғимараттардан биік болды. Оны терезелері шатырынан да биік көтеріліп, ғимарат ішін жарықтандыратындай көлемді болды. әсіресе кешкі уақытта жарықтың түсуі әсерлі болды: батып бара жатқан күн күмбез ішін қызыл сәулеге толтырса, ғимараттың төменгі бөлігі қараңғы болды. тепидарияның ортада орналасуы оның үлкен 23,5м өлшемді ауыр әрі биік крест күмбезінің тепе-теңдікте тұруына әсер етті. Әр жағынан үш-үштен орналастырылған тепидарияның ашық бөліктері өздерінің қабырғаларым және цилиндр пішіндес күмбездерімен басты күмбезді тіреп тұрды. Тепидарийден бетон конструкциясы мен мәрмәрлі сәндеу әдісінің үйлесімсіз біріктірілуін көреміз. Антаблементтердегі көлемді мәрмәр колонналар тік қысымның бір бөлігін ғана құрады. Көптеген кішігірім колонналар термнің бір бөлігін екіншісінен бөліп тұрды. Әртүрлі биіктіктегі колонналар 8 басты колоннаның өлшеміне және олардың үстінгі бөлігіндегі терезелердің биіктігіне баға беруге мүмкіндік берді. Жарық бүкіл кеңістікке таралды: түрлі-түсті колонналарға, бағалы мозаикаларға, қабырғалар мен едендердегі мәрмәр инкрустацияға, хауыздың беті мен жүзіп жүрген

адамдарға. Каракалла термінің мәрмәрлі қарапайым фасадтары мозаикалармен ғана сәнделді.

Колизей – Рим империясының ең үлкен амфитеатры. Колизей Римнің орталығында, заманауи Виа фел Форм Импералидің шығыс жақ бөлігінде, басты вокзалға жақын жерде орналасқан. Колизей салынғанға дейін де Римде бірнеше амфитеатр болды. Бірақ 64 жылға өрттен кейін жаңа ғимарат салу қажет болды. 69 жылдан бастап билік басына келген Веспасианимператор жаңа императорлық әулет есімімен аталып, басқа амфитеатрлардан оқ бойы озып тұратын амфитеатр салуға бұйрық береді.

Колизейде травертина блоктарынан жасалған қаңқа анық байқалады: бұл конструкция құрылыс жұмыстарын жеделдетуге жәрдемдесті. Барлық секторды төрт бөлікке бөлу төрт маманның бір мезгілде жұмыс жүргізуіне мүмкіндік берді. Құлдар қозғалысқа келтіретін тас блоктарды көтеруге арналған крандар бағаналарға сүйенетін болған. Материалдар болашақ баспалдақтар бойымен көтерілді. Шеңбер тәрізді қабырғалар травертинадан, ал радиалдылары туф пен бетоннан салынды. Колизей анық конструкциямен ерекшеленеді: эллипс пішінді арена(54*86) негізі бірте-бірте көтерілетін 80 радиалды қабырға болып табылатын көрермендерге арналған орындармен қоршалған, олар өз кезегінде шеңбер түріндегі 7 қабырғамен қиылысады. Ғимараттың биіктігі 50м, ал диаметрі 500 метрге дейін жетеді. Амфитеатрдың 80 радиалды қабырғасы оны бірнеше бөліктерге бөліп, оның 76 нөмірленген және 650 адамға арналған кіретін есігі бар. Бастапқыда күрделі құрылысы отыратын орындарға оңай жетуге мүмкіндік береді. Кіретін билеттерде қай есіктен кіру керек екендігі жазылатын болған. Амфитеатрға 50000 адам сыятын болғанымен, кіріп-шығу мүмкіндігі қолжетімді болды. Аркаданың 3 ярусынан жоғары тағы бір қабырға өтетін болған. Төменгі аркадалар кіріп-шығуға ашық болды. Жоғарыдағы екеуінен әрі шеңбер түріндей фойе болды. сияқты аркада бағаналары да блоктан салынды. Римдік типтегі жартылай колонналардың капителийлері грек типінде болды. Үзілмейтін антаблементтер бір ярусты екіншісінен бөліп тұрды. 2 ғасырда Домициане император тұсында төртінші ярус сыйымдылықты арттыру мақсатында салынды. Төртінші ярустың жоғарғы бөлігінде тас тіркітер орналасты. Тіреуші мачталар ұсталып тұрған тумбалар мен консолдар әлі күнге дейін сақталған. Парус, арқандар мен блоктарды қозғалысқа келтіру қызметін арнайы моряктар атқарды. Колизей құрылыс үшін маңыздысы жол салу болды. колизейдің құрылысшылары арнайы жоспар бойынша жыртқыш аңдар бірден аренаға түсуі үшін жолдар салды. Бұл күрделі жүйенің кейбір компоненттері әлі күнге дейін сақталып қалды. Колизейдің астында казематтар, гладиаторларға арналған бөлмелер, жаттығуға арналған бөлмелер, кішігірім амфитеатр,

Колизей мен Тибрды қосатын канал орналасты. Өзінің бай техникалық жабдықтары мен көрермендерді орналастырудағы ұйымдастыру шеберлігінің арқасында Колизей өз дәуірінен алға шыққан сәулет құрылысы болды. Бұл құрылыс барлығы жыл ішінде салынып бітті. 80 жылы Тит император тұсында ресми түрде ашылды.

Сеговиядағы акведук. Сеговия акведугы(Испания) бүгінгі күнге дейін қызмет етуде. Сеговиямен қиылысып өтетін көпаярусты аркада 300 метрге жеткенде биіктігі 28,5 м болатын кішірек көшеде жетеді. Төменгі аркадада жоғарымен салыстырғанда бағаналар жіңішке, ал аркалар кішілеу. Блоктар мен кіріңкі бөліктер аркадаға қатаң сипат береді. Ортаңғы ең биік бөлігін аттикамен белгіленген.

Алькантара көпірі. Римдіктер Испания жеріндегі Тахо өзенінде салған. Биіктігі 40м, тақтайшасы 200м, ені 8м, орталық бөлігінде триумфалды арка бар. Әлі күнге дейін қызмет етуде.

Пон-дю-Гар. Пон-дю-Гар Прованста, Ниманың солтүстік-батысында, Юзестен 16 км және Ремуленнен 3 км қашықтықта орналасқан. Пон-дю-Гар транспорт артериясы қызметін атқара отырып, Д981 мағынасындағы жолдың бір бөлігі болып есептеледі. Бұл құрылыстың биіктігі 49м, ұзындығы 275м; ол Нимаға дейінгі Эзес қаласының маңындағы Ойрдан 48 км қашықтықты алып жатқан тұтастай көпірлер мен акведуктар жүйесінің бір бөлігі ғана. Бұл функционалды инженерлі-техникалық, сәнді емес ғимарат сумен қамту үшін салынды, бірақ сәулет құрылыс бойынша таптырмас үлгі болды. Акведуктағы жазу оның б.з.д. 19 ғасырда Агриппе қолбасшы әрі проконсулдың тұсында салынғанын көрсетеді. Римдіктердің қол астында болғанда Ниманың территориясы 202 га-ға жетті, ал тұрғындар саны 50000адам болды. Қазіргі зерттеулер бойынша акведуктағы кез келген адам күніне 4000 л су пайдалана алатын болған. Пон-дю-Гар үш ярус бойынша орналасқан аркадалардан тұрады. Төменгі ярус 6 аркададан тұрады, ортаңғысы – 11, жоғарғысы – 35 аркададан тұрады. Колонна блоктары қарапайым қалау әдісімен салынған, өңделмеген тастар ағаш құрылыс заттары үшін тіреуіш қызметін атқарды. Бұл шығыңқы тастар ғимаратқа архитектуралық аяқталмағандық сипатын береді. Бірақ олар акведукты күтіп-баптау үшін қажет болуы мүмкін. Бұл аймақтағы суда минералды тұз көп болғандықтан, оны тазартып отыру қажет болды. Жоғарғы аркададағы шұңқырлар арқылы суқұбырының түбін көруге болады. Акведуктың еңістігі 1:3000, бастапқы және соңғы нүктелер арасындағы биіктік 17 м. Ғалымдардың айтуы бойынша, төмендегі 6 арканың бірі салмақ түсіреді. Пон-дю-Гар өзенді тік бұрыш жасап кесіп өтпейді. Акведуктағы суға не болатын? Нимада қазіргі таңда да «кстеллум дивизориум» аталатын

суқұбыын көруге болады. Оның диаметрі 6м. Ал су болса суқұбыры трубалары арқылы 5 бағыт бойынша ағады.

Рим кесіндеме өнері: Помпеядағы жазбалар, фююмдік портреттер. Сәулет өнерінің дамуы қабырға жазбасының пайда болуына әсер етті, бұны Помпеи қаласындағы ескерткіштерден көруге болады. Фрескалар тарихи, мифологиялық, тұрмыстық сюжетте болды. Христиан дінін қабылдағаннан кейін суретшіні сыртқы әлемді емес, ішкі жан-дүниені бейнелеуге міндеттеген Плотина эстетикасы пайда болды. бұл тенденцияны Египеттегі фаюмдік портреттерден көрсек болады. Фаюмдік портреттер – балауыз бояуларды пайдалана отырып ағаш тақтай немесе қағазға салатын кескіндеме түрі.

1. Бақылау сұрақтары.

- 1) Рим сәулет өнеріне тән ерекшеліктер.
- 2) Республикалық кезеңдегі негізгі құрылыстар.
- 3) Импеаторлық кезеңдегі негізгі құрылыстар.
- 4) Триумфальды құрылыстар.

2. Әдебиеттер:

1. Любимов Л. Искусств античного мира – М. 1995
2. Западная Европа и Древний Восток – М.: Айрис-Пресс, 2004.
3. Гнедич П.П. Всемирная история искусств, М.: Современник, 1999
4. Архитектура: электронный учебник. – М.:2015